

№27 «Айгөлек» балабақшасы

Бекітемін:
МККК №27 «Айгөлек» б.б.
менгерушісі: Р.У.Кулелова



Топ: «Таңшолпан» мектепалды тобы

Тәрбиеші: Каирова Б.С.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Білім бәйгесі»

Максаты:

1.Балаларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, еліміздің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын құрметтеуге. Тарихты білуге тәрбиелеу.

2.Есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру.

Түрі:іс-шара, музыка залы

Өтетін орыны: музыка залы

Қатысушылар: ата-аналар және балалар.

Өту барысы:

I.Ұйымдастыру бөлімі.

Әуенмен музыка залына кіруі

«Егеменді Қазақстан»

1.Ата-бабам арман еткен,

Егеменді қазақ жерім

Қуанышың көптен күткен

Құтты юолсын, дархан елім!

Қ/сы

Сен дегенде – Қазақстан

Жүректен от лаулап ұшқан

Гүлдей жайнап , құлпыра бер

Егемен ел – Қазақстан!

Жүргізуші:

-Бүгін міне, таныды әлем

Қазағымның кім екенін.

Мақтанышпен мен өзіңді,

Ән етемін, жыр етемін.

Әнұран орындау

Балалар тақпақ оқиды : Абылай, Мұхаммед, Әмина

Жүргізуші:

-Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы, асқар таулары

Республикама қарашы!

-Құрметті, қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер! Баршаңызды 25 қазан – Республика

Әуенмен қатысушыларды қарсы алу

Таныстыру

1. «Еңселі Елтаңбам» командасы

Жақсылық Әзиз анасы Аяулыммен

Берікқали Ханшайым анасы Гүлбараммен

2. «Айбынды Әнұраным» командасы

Абылайұлы Мұхаммед анасы Назгулмен

Арманқызы Әмина анасы Ұлболсынмен

3. «Тұғырлы Туым» командасы

Тұрсынбек Бекдияр анасы Мейрамгулмен

Әбдікәдір Ахмет анасы Айнұрмен

II. Негізгі бөлім:

Жүргізуші:

Сайысымыз 4 бөлімнен тұрады.



«Ой ширату» сайысы.

(Сұрақтарға жауап беру)

1. Бас қаламыз - *Астана*
2. Мемлекеттік Тудың түсі – *көк*
3. Рәміздерді ата- *Әнұран, Ту, Елтаңба*
4. Біз қай қалады тұрамыз?- *Ақтөбе*
5. Ұлттық музыкалық аспабымыз-*домбыра*
6. Мемлекеттік тіл – *қазақ тілі*
7. Мойынға тағылатын әшекей – *алқа*
8. Нәрестенің жататын орны – *бесік*
9. Киіз үй бөліктерін ата- *шаңырақ, кереге, уық*
10. Шығыс халқының жаңа жылы – *Наурыз*

«Командамды қорғаймын» сайысы.

Балалармен «Балдырғандар» әнін шырқау.

әні мен сөзі: Г. Жотаева

1. Біз Отанның бөбегі, балбұл жанамыз
Еркелеткен біздерді Отан- анамыз.
Болашағын елімнің ойлар данамыз
Ел сенімін ақтайтын батыр боламыз.

Қайырмасы:

Ойна, шаттан, шаттан алақай
Гүлдей жайна, жайна балақай!
Әуелетіп қалықтап әнге саламыз
Мың бұралып дөңгелеп билеп аламыз
Біз бақытты балдырған оттай жанамыз.
Туған жердің төсінде асыр саламыз!

2. Күлімдесе көкте күн нұрын шашақандай,
Көк әлемді шарлаймыз жұлдызды аспандай
Туған жерім кең далам алтын бесігім
Қиял құсым қалықтап саған ұшқандай!

Би: «Туған жер»

Әділ қазылардың есебін тыңдау.

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол,

Еңбектену, жалықпау.

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей,

Бізге жарады – демекші сайысымыздың шарттары бойынша
қорытынды шығарып қатысушыларды марапаттау үшін әділқазыларға беріледі.

Марапаттау.

Жүргізуші: Құрметті сайысқа қатысушы ата-аналар, балалар марапаттарыңыз
құтты болсын! Бүгінгі сайысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.

